



ҚАРЖЫ МАМАНДЫҒЫН ТАҢДАУ - ӨЗ БОЛАШАҒЫҢА ЖОЛ БАСТАУ

Әрбір елдің болашағы мен қарқынды дамуы елдің қаржы жүйесін арды тиімді ұйымдастыру және мемлекеттік бюджет қаражаттарын тиімді жоспарлауды жоғарғы деңгейде жүзеге асыратын қаржы мамандарының кәсіби шеберлігіне байланысты болады.

Бүгінгі күні еліміз қарқынды даму үстінде және тәуелсіздік алған жылдардан бері елімізде қол жеткен жетістіктер дамыған елдер тәжірибесімен салыстырып қарағанда, өте көп уақыт талап етер еді.

Бұл бірінші кезекте Елбасы Н.Назарбаевтың көрегендігі мен дара саясатының арқасы және осы саладағы ерен еңбегімен көзге түсер қаржы мамандарының көмегімен жүзеге асырылып отыр.

Кез келген мамандықтың қоғамда атқаратын өзіндік міндеті және кез келген мамандықтың экономикаға қосар өзіндік үлесі бар. Осындай ауқымды іс-шараларды жүзеге асыруда М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің қаржы мамандығының түлектерінде алдыңғы қатарда көрініп жүр.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті экономика және қаржы факультетінде 1996 жылдан бастап қаржы мамандары дайындалуда. Осы уақыт кезеңі аралығында 2000-нан аса мамандар бітіріп, республикамыз мен облысымыздың түкпір-түкпірінде өзінің мамандықтары бойынша қызмет етуде.

Кәсіби деңгейі жоғары, білікті және тәжірибелі қаржы мамандарына деген сұраныс нарықта толастамайды. Әрбір жыл сайын облыс көлемінде қазіргі экономикамыздағы өзгерістерге сәйкес және экономиканың дамуына сай банк, қаржы, салық, сақтандыру, инвестиция және кәсіпкерлік салаларына 300-500 жуық мамандарды қажет етеді. Қаржы мамандарын дайындауда М.Әуезов атындағы ОҚМУ республика деңгейінде бірден бір алдыңғы қатарлы білім ордаларының бірі.

Сондықтанда мамандық таңдаушы құрметті талапкерлер, М.Әуезов атындағы ОҚМУ –нің қаржы мамандығына түсуіңізге кеңес береміз.

5В050900 – Қаржы мамандығы бойынша бітірушілерге Қаржы бакалавры академиялық дәрежесі беріледі.

Нарықтық қатынастардың құрылымында да, мемлекет тарапынан оларды реттеу механизмінде де қаржы зор роль атқарады. Қаржы – нарық қатынастардың құрамды бөлігі және мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың құралы. Осыған орай қаржының әлеуметтік экономикалық мәнін түсіне білудің, оның іс әрекет етуші ерекшеліктерін терең ұғынудың, экономиканы ойдағыдай дамыту мақсатымен қаржыны неғұрлым толық пайдаланудың әдістері мен амалдарын көре білудің маңызы зор.

З.БИГЕЛЬДИЕВА,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ,
«Қаржы» кафедрасының меңгерушісі,
Н.КАЛЬБАЕВА,
аға оқытушы